«Bcorp.kz» ЖШС
БСН: 2205 4003 0936

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «Төлесін Әлиев атындағы №1 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі мемлекеттік сатып алу порталына 21 ақпан күні ашық конкурс тәсілімен жарияланған №14054939-2 хабарландыруға өнім берушіден 11 наурыз күні келіп түскен №247803 шағымы бойынша шешім қабылдайды.

ШЕШІМ:

№14054939-2 хабарландыруда техникалық ерекшелікте моноблоктың құрамына пернетақта мен тінтуір кіретіні көрсетілген. Сол себепті ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 11 бабы, 7 тармағы, сондай-ак «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 12 параграфы, 206 тармығы бойынша сіз техникалық ерекшелікте әр жинақтауыш элемент бойынша марка, модель, өндіруші зауыт және өндіруші ел туралы мәлімет көрсетуіңіз қажет болатын.

Алайда Сіз тек моноблоктың марка, модель, өндіруші зауыт және өндіруші ел туралы мәлімет көрсетіп, пернетақта мен тінтуір туралы мәлімет көрсетілмегендігіне байланысты, Сіздің шағымыңыз негізсіз деп тану туралы шешім қабылдайды.

Директор Е.И.Жумаханов